

Ағылшын және қазақ тіліндегі екпіндер.

Ерубаета Шарает

Егер сөйлемнен тыс сөзді қарайтын болсақ, әр сөз бірдей айтылмайтынын дәлелдеу қиынға соқпайды, кейбіреуі айқын, ал кейбіреуі жай айтылып, әлсіз шығады. Қатты айтылған сөздерді екпінді сөз дейміз, ал жай айтылған сөздер екпінсіз болып келеді. Екпінді сөзді көрсетіп тұратын, әр түрлі буын, және әртүрлі тілдер осыған байланысты болғандықтан, төрт түрлі екпінге бөлуге болады;

1. Динамикалық немесе күшті; бұл кезде екпін барлық күшпен ерекшеленеді.

2. Музыкалық және тондық; бұл жағдайда екпін буыны тондық байланысқа қарай екпінсіз буыннан ерекшеленеді.

3. Сандық немесе квантитативтік; екпін буыны ұзақ дауыстыда ерекшеленеді.

4. Сапалы; бұл жағдайда дауысты екпін буыны, екпінсіз болып келетінмен ерекшеленеді.

Көп жағдайда тілде екпін араласқан түрде келеді, мысалға орыс тілін қарасақ, кейде динамикалық, музыкалық, сандық, немесе сапалы толықтыра келгенде екпінді сөз арқашанда ерекшеленіп күштірек болып тұрады. Ағылшын тілінде қатты айтылған динамикалық екпін, екпінсіз айтылған буынға қарағанда үлкен күшпен айтылып кетеді. Ағылшын тілінде ауызша екпін орыс тілінен ерекшеленеді әсіресе екпінсіз дауыстыдан, орыс тіліне әсіресе қиын соғатын қысқа дауысты екпін ұзақ дауыстыға салу немесе дифтондық екпінсіз жағдайда болды (e|lectrode, |multiply, |fellow, |criticize).

Ағылшын тілінің басқа да ерекшеліктерінің сөздерде бірі, екі немесі үш екпінді бола береді. Мәселен, |make |up, |some |in, және де орыс тіліне қиын болып келетін: good |after|noon, бірінші сөзде екпін жоқ, ал екінші үш буында екі екпін бар. Екпін тілде бейтарап, немесе жүйелі болып келеді. Мәселен, бейтарап екпін орыс тілінде кез келген буынға түсе алады. Мысалы; <<|красный>>, <<красноар|меец>>, <<|город>>, <<де|ревня>>.

Ағылшын тілінде екпін бейтарап сол себептен әр түрлі сөзде әр буынға түсе алады және де әр сөз екі, немесе бірнеше буын бола алады.

Жалпы екпін категориясын сөз екпіні (словесное ударение), ой екпіні (логическое ударение), тіркес комптлекстік немесе ритмикалық екпін, көңіл күй эмфазалық екпін деп бөлінетін түрлерінің бірінен екіншісінің айырмасын, ұқсастықтарын, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін арнайы білу қажет. Сөйлеп тұрғанда, екінші өз нормасынан ауыстырсақ, сөздің дұрыс айтылу қалпы бұзылады да, сол сөздің мағынасына, кейде тіпті сол сөйлемнің мазмұнына да әсер етуі мүмкін.

Ой екпіні (логикалық екпіні). Сөйлем ішіндегі көңіл аударуға керекті нақты бір сөзді оқшаулап, бөліп айту сол сөзге ой екпінін түсіру болып табылады. Ой екпіні тұрақты болмайды, өйткені бір сөйлемдегі кез келген сөзге арнайы көңіл аударылуы мүмкін. Бір-бірімен мағына жағынан

байланысқан әрбір екі сөз әдетте сыртқы тұлғалары ғана байланысып қоймайды, сонымен қатар сөйлем ішіндегі тәртібі арқылы да байланысады. Анығырақ айтқанда, ойдың грамматикалық бастауышы баяндауыштан бұрын: анықтауышы өзі анықтайтын сөзінің тікелей алдында; толықтауыш пен мақсат, себеп сан-мөлшер, қимыл сын пысықтауыштары толықталатын немесе пысықтататын етістіктердің алдында; мезгіл және мекен пысықтауыштар сөйлемнің басында қолданылуы осы аталған грамматикалық мүшелердің әр сөйлемдегі өзіне тән орын болып қалыптасқан. Мысалы; “Орманда бұлбұл сайрайды”, “Мектепте қазір сабақ жүріп жатыр”, деген сияқты сөйлемдерден сөйлеушінің айтайын деген ойын тыңдаушысына жай ғана хабарлау мақсатымен жеткізіп тұрғанын байқауға болады. Өйткені бұл екі сөйлемнің де әрбір грамматикалық мүшелері өздерінің дағдылы қалыпта орындарында тұр. Егер айтушы осындай сөйлемдердің нақтылы бір сөзіне тыңдаушының назарын басымырақ аудартып, басқа мүшелерден гөрі сол сөздің мағынасына, мән жайына көңіл қойғызып, зейінін аудару мақсатымен айтса, әдетте ол сөзді қалыпты орнынан басқа орынға сөйлемнің басына не соңына немесе көбіне баяндауыштың алдына/ауыстырып қолданылады. Мұндай сөйлемдегі сөздер эмоциялық реңк беру мақсатында орын ауыстыру, яғни сөздердің әдейі орындарынан басқа орын тәртібіне көшуі- (и н в е р с и я) деп аталады. Мысалы, жоғарыдағы екі сөйлемнің мүшелерін сөйлеушінің мақсатына қарай бірнеше түрде ауыстырып айтуға болады:

I. а/ Орманда бұлбұл сайрайды:

ә/ Бұлбұл орманда сайрайды:

б/ Бұлбұл сайрайды орманда:

в/ Сайрайды бұлбұл орманда.

II. а/ Мектепте қазір сабақ жүріп жатыр:

ә/ Қазір мектепте сабақ жүріп жатыр:

б/ Сабақ қазір мектепте жүріп жатыр:

в/ Жүріп жатыр қазір сабақ мектепте:

г/ Сабақ жүріп жатыр қазір мектепте:

д/ Сабақ қазір жүріп жатыр мектепте:

е/ Мектепте сабақ жүріп жатыр қазір т.б. Әрбір жеке мүшелердің нақтылы өзіне тән орындарын ауыстырып айтудан граматикалық мүшелердің инверсиялануынан/ осы екі сөйлемнің негізгі ойы бұзылып тұрған жоқ. Өйткені айтайын деген ой / орындалған күй-жай, оның мерзімі, орны әңгіменің не жөнінде екені түгел сақталып тұр және сөйлемдердің ауыстырылған түрлерінің бәрі де қазақ тілі үшін дағдылы, үйреншікті. Мұндай логикалық екпін сөз құрамындағы дыбысқа, буынға қатысты емес, бір сөйлемдегі тұтас бір сөзге арнайы мән берумен байланысты қолданылады. Сөздің сөйлем ішіндегі орны граматикалық қатынастың негізгі бір түрі, сондықтан сөйлемдегі бір сөздің дағдылы, арнаулы орны өзгерсе ол өзгеріс сол сөйлемге азды кепті басқадай ерекше мағыналық мән үстейлі: сөйлем мүшелерінің стильдік, логикалық мәні өзгеріп отырады.

Ой екпін белгілі жағдаймен ғана байланысты отырады: екі жағдайда қарама қарсы қойған кезде, біз онда ертең барамыз, бүгін емес. Қарсы

қойылған сөздердің біреуі ғана дауыс ырғағы арқылы ерекше бөлініп айтылуы мүмкін.

Сөйлем ішінде күшейткіш мәні бар сөздер/ күшейткіш үстеулер өте тым, тіпті, мүлде, ең, едәуір, т.б. белгісіздік, болымсыздық жалпылау есімдіктері әрбір кейбір барлық, күллі, түгел, ешбір, ешкім, күшейткіш буындар арқылы жасалатын сын есімдер; үп- үлкен, сап- сары, кіп- кішкене т.б. келгенде және сұрау мағыналы сөздер мен сол сұрауға қайтарылған жауап сөзде «емтихан қашан болады?» Ертең басталады. Сіз мені шақырдыңыз ба?/ ой екпіні болып отырады. Кейде шылаулармен\ ыңғайластың талғаулықты шектік, тежеу, сұраулық сияқты шылаулар/тіркескен мағыналы сөздер де ой екпін қабылдап тұрады /мен де келдім: сен ғой сабақта болдың, ал ол ше?/

Көңіл күй /эмфазалық/ екпін. Сөйлеушінің көтеріңкі көңіл күйін, абыржыған ішкі сезімін тыңдаушыға созылыңқы дыбыстар арқылы жеткізу тәсілі /эмфазалық/ екпін деп аталады.

Эмфазалық екпін мен ой екпінінің арасында өзіндік ерекшеліктері бар; ой екпіні тыңдаушының зейінін, көңілін, арнайы бір сөзге ерекше аудартса, эмфазалық екпін, ол сөздің мағынасын эмоциялық тұрғыдан толықтыра түседі. Бірінші жағдайда/ ой екпінде/ сөйлеу ішінің мақсаты көзделсе, екіншісінде оның тікелей сезімі айтылады. Эмфазалық екпін сөйлем ішіндегі бір сөздің бөлігі бір дыбысын ерекше көтеріп құбылту арқылы жасалады. Мысалы, қуаныш, ілтипат, қанағат, т.б. сезімдер көбінесе сөз ішіндегі дауысты фонемаға екпін түсіріп көтеру арқылы айтылса/ бә ә ә рекелді, ке е ліңіздер, тамаша, реніш қынжылу, ашу, қиналу, сияқты, көңіл күйлері дауыссыз дыбыстың азды көпті созылыңқы немесе кілт қысқартылып айтылуынан байқалады/ дж жап есікті, отыррр тыныш, тарттт қолыңды т.б.

Тіркес /комплексстік/ екпіні. Кейде тілімізде бірнеше сөз тізбектеліп барып түгелмен бір ғана екпінге ие болуы мүмкін. Басқаша айтқанда кең мағыналы ұйтқы бір сөздің әр түрлі реңкін нақтылап жан жақты түсіндіру мақсатында орналасқан бағыныңқы сөздер өзінің негізгі ұйтқы сөзімен тізбектеліп, бірнеше сөз бір ғана екпінге бағына отырып, өзара бір ақ түйдек /комплекс/ құрайды. Екпінің мұндай түрі тіркес комплексстің немесе ритмикалық синтагма екпін деп аталады. Әрбір комплексстік екпін арқылы бірінен- бірін бөліп ажыратуға келмейтін бірнеше сөз түгелдей түйдегімен ғана заттың не сапаның, түрдің не күй жайдың т.б мағына тұрғысынан ұласқан атын белгілеп жалпыланған бір ақ ұғымды білдіретін күрделенген сөздер тобын құрастырады. Бұл жағдай сөйлем ішінде келген сөздердің бір күрделі тобын екінші топтан ажыратып, арасына жік салып іріктеп атауға мүмкіндік береді Мысалы: «Еріншектік жігітті құл етеді» /мектеп-білім бұлағы/. Бұл сөйлемдердің соңғы сөздері айтылумен қатар тізбектеле топталады, күрделенген бір ғана ұғымды көрсетіп тұрғандықтан сөздердің ара жігі ажыратылмай, түйдегімен бір ғана екпінге ие болып тұр.

Қазақ тілі екпіні динамикалық сөздігі бір буын өзге буындардан гөрі күштірек айтылады. Бірақ буынның күштірек айтылуы фонециялық ауаның мол шығуына байланысты емес. Сондықтан фонетика ғылыми динамикалық екпінді экспираторлық екпін деп атауды теріс деп табады. Қазақ тілімен орыс тілі екпіндері фонология жағынан екеуі екі түрлі болғанымен,

фонетикалық ерекшелігі бойынша екеуі де динамикалық екпінге жатады. Бірақ, екпінді буындағы фонациялық ауа күші екеуінде бірдей емес, екі түрлі модификацияда. Қазақ тілінде сөз музыкалық немесе тоникалық екпін де кездеседі. Екпіннің соңғы буыннан алға қарай жылжуы сын есімнің интенсив формаларынан да айқын байқалады, қап-қара, сап-сары, шіп-шикі, қып-қызыл, т.б. Сөздер құрамында екпін алдыңғы күшейтпелі буынға түседі. Қазақ тілінде екпіннің алдыңғы буынға қарай жылжуы әсіресе, лепті сөйлемдер құрамында байқалады. Лепті сөйлемдер құрамында жұмсалған одағайлар экспрессивтік мәнерге қарай екпіннің орнын өзгертіп тұрады. Одағай сөз кенеттен болған қоқынышты білдірсе, екпін басқа буынға түседі. Егер таң қалуды білдірсе, сөздің соңғы буынына ауысады. Екпінсіз дауысты дыбыстар редукцияға ұшырайтынын зерттеген ғалым Б. Қ. Қалиев: “ түркі тілдеріндегі редукция құбылысына келсек мұндағы редукция құбылысының орыс тіліндегі редукция құбылыспен ұқсас жақтары да ұқсас емес жақтары да бар. Ұқсас жағы сол екі тілде де редукция құбылысы негізінен лебізді екпіннің әсерінен болады. Екпін түскен буындағы дауыстың күші қарқынды айтылып, анық айқын дыбысталады, екпінсіз буындағы дауысты күшсіз айтылып әлсірейді, көмескі дыбысталады. Бір сөзбен айтқанда редукцияға ұшырайды. Ұқсас емес жағы бұл тілдерге тән лебізді екпін табиғатының түрліше болуы мен олардың орындарының әр қалай екендігінде. Айталық түркі тілдерінде қарағанда орыс тіліндегі лебізді екпін әлдеқайда күшті әуенді және қарқынды. Сондықтан да орыс тіліндегі екпінсіз дауыстылар саналық редукцияға күшті беріледі. Ал түркі тілдеріндегі лебізді екпін орыс тілімен салыстырғанда әлсіз. Сондықсыз болу керек, түркі тілдеріндегі екпінсіз дауыстылар сапа жағынан орыс тіліндегідей күшті редукцияланбайды деп көрсетеді. П.М.Мелиоранский қазақ тіліндегі екпін туралы былай деп айтады. “Жалпы түркі тілінде екі түрлі екпін аңғарылады, біріншісі- анағұрлым әлсіз, ол бірінші буынға түседі, ал екіншісі- соңғы буынға түсетін әжептеуір күшті екпін. Мысалы бермеске, қылшымды, қарындастар және т.б. Бұл ережеге келесі айтылатын үш буын түрі бағынбайды, яғни олар граматикалық тұлғалардың соңында тұрса да екпін түспейді. Предикативті есімді аффикстер:мін, сін, міз, сіз, мысалы, атамын я отец, келсін ты приходиш, керексіз вы нужны және тб. Дәл осы сияқты екпін дыр, немесе ды, қысқарған дыр, тұлғасында тура алмайды. Есімді тәуелдеу аффикстері, мысалы алғаным я взяль, қарындасың твоя сестра және т.б. Қазақ граматикасында сырт көрінісі жағынан бір бірінен айна қатесіз доп түсіп жатқанымен, әрқайсысы өз алдына бөлек бөлек граматикалық мағынаның тіптен кейде грамматикалық көрсеткіші боп табылатын формаларды ажыратуда қазақ тілінде екпіннің атқаратын қызметі елеулі. Мәселен, біз баламыз біздің баламыз деген мысалдарға бала сөзіне жасалған-мыз қосымшасының алғашқысы жіктік жалғауы да, кейінгісі тәуелділік жалғауы. Осындағы қосымша қабылдап тұрған «баламыз» деген сөзді жеке алып қарайтын болсақ, оның құрамындағы -мыз, -дың, қандай қосымша екенін ажаратуға негіз боларлық бір ақ дәйек бар, ол екпін. Егер ол екпінсіз айтылса жіктік жалғауы болады да, екпінмен айтылса, тәуелдік жалғауы болады. Бұлай болатын жіктік жалғауы қазақ тілінде екпін қабылдамайтын

қосымшалар тобына жатады да, тәуелдік жалғауы керісінше үнемі екпінмен айтылады, деп көрсетілген, сұраулық шылау ма, мысалы келе ме, приходится ли он, шықтық па вышли мы және тб. Ж. Аралбаева: қазақ тілінде ма,ме, па,пе, ба,бе, да,де, та,те, ша, ше, ғой, қой, ғана,қана, шейін, дейін, сықылды шылау сөздеріне екпін түспейді. Осындай шылау сөздер өзіне бұрынғы негізгі сөздің екпініне қарайды да тұтатас бір комплекс жасайды. Ол келе ме? Сен мектепке барасың ба? Менім балам да келеді... тб. көрсетеді. П.М. Мелиоранский: дегенмен екпінді дұрыс қалыптастыру үшін тек тәжірибе керек,-деп ескертеді. Сонымен ғалым қазақ тіліндегі динамикалық екпін мәселесін дұрыс түсініп, оны нақты мысалдармен дәлелдеген. Мысалға, қонақсыз, сіз қонақсыз, және қонақсыз үй. Алғашқы мысалда предикативтік қатынасты білдіретін жіктік жалғауы сөз бен анықтауыштың қатынастығы бағыныңқы сөзі өздері байланысатын грамматикалық тұлғаларсыз айтып көру арқылы мағына ажырату сипатының бар екендігі көз жеткізуге болады.

Н.Уәлиұлы екпіннің түрлі буынға түсуіне қарай:..... «бұл жерде айтарымыз жазылуы бірдей болғанмен, есім сөз “оралман” мен етістік “оралман”-ның дыбысталуы бірдей емес, біріншісінде- соңғы буын оралман түрінде екпінмен айтылса, екіншісінде- екінші буын оралман болып ерекше екпінге ие болады,- дейді. Жалпы қазақ тілі фонетикасында екпінге қатысты айтылып жүрген пікірлердің сан түрлі болып келуі мәселенің шешімін табуды қиындатады. Біз бұл жерде Ә.Жүнісбектің теориясын негізге аламыз. Сонда сөз болсын, немесе сөз тұлғасына қатысты тұтас кеіінде жүйе болсын оның негізгі үндестік заңында жатыр деп есептейміз. Сондықтан сөз құрсауы тұтас бір тілдік, әрі сөйлеу бірлігі болып табылады. Ә.Жүнісбеков қазақ тілінің фонетикалық жүйесін мұқият зерттеудің нәтижесінде индоевропа тілдеріне тән осы құбылыстың орынсыз тықпаланып келгенін, түркі тілдерінде сөз екпінің жоқ екенін,оның қызметін бұл тілдерде сингарманизм атқаратынын дәлелдейді. Әрине, бұл түркологтар тарапынан бірден қолдау таба қойған жоқ. Тіпті мектеп табалдырығынан екпін бар деп үйренген қатардағы оқушыға да бұлай ойлау оңай бола қоймасы аян. Алайда бұл шындық. Олай болса, жоқты жоқтап дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ал бунақ екпіні туралы айтылды. Бұл әдетте фразалық екпін, тіркес екпіні делінеді.

Сингарманизм (грек.sun- бірге және harmonia-байланыс үндесу) түркі тілдеріне тән аса күшті заң. Осы уақытқа дейін сингарманизм дауысты дыбыстардың үндесуі немесе буын үндестігі делініп келді. Бұл оқулықта бұрыннан қалыптасқан ұғымнан ұзамау жағы ескерілді. Сингарманизм тіл және ерін үндестігі түрінде қарастырылады. Сөзді айтқан кезде сөз ішіндегі барлық буын біркелкі айтылмайды. Екі буыннан не одан көп буыннан тұратын сөздердің құрамына енетін буындардың біреулері солғынырақ, әлсіздеу, келтелеу, енді біреуі басқаларына қарағанда анағұрлым айқынырақ, созылыңқы айтылады. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді. Екпін түскен буынды екпінді буын дейді. Қазақ тіліндегі алғашқы буыны мен соңғы буыны дыбыстың құрамы жағынан алғанда бір біріне айна қатесіз ұқсас болып келетін *баба* (*ата баба дегендегі*),*шеше* (*әке шеше дегендегі*)*тәте* (*өзіне тәте інісі дегендегі*), *шаша*(

су аттың шашасынан келеді дегендегі), бұлбұл, дүлдүл тәрізді бірлі жарым екі буынды сөздер бар. Осылардың әрбіреуінің құрамындағы буындарды өзара салыстырып көретін болсақ, дыбыстық тұрғыдан бір-біріне ұқсастығына қарамастан, олардың алғашқысы мен кейінгісінің айтылуында бір-бірінен елеулі айырма бар екенін айқын аңғарамыз. Мәселен, *баба* деген сөзді айтқан кезде оның соңғы буынындағы- ба бастапқы буындағы ба мен салыстырғанда анағұрлым созылыққы, ана ғұрлым, көтеріліңкі дауыспен айтылады. Оны есту арқылы ғана емес, алғашқы буындағы а-ны айтқан кездегі адамның жағының ашылу шама шарқына қарап та аңғаруға болады. Соңғы а-ны айтқан кезде жақ алғашқыға қарағанда мейлінше кең ашылады. Мұны байқау үшін осы екі буынды айтудағы үстіңгі ерін мен астыңғы еріннің ара қашықтығын жай көзбен назарлаудың өзі ақ жеткілікті. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан ерекшеленіп, басым үнмен айтылуы қазақ сөзінің бойына аса тән фонетикалық заңдылықтың бірі. Демек, бұдан екпін түсетін буын бар жерде, сөз ішінде екпін түспейтін де буындардың болу шарттылығы келіп туындайды. Көп буынды сөздермен қатар қазақ тілінде бір буынды сөздерде баршылық. Кейде біріне-бірі ілес айтылған бір буынды сөздердің екеуі ара бір екпінге ие болатын кездері болады. Мәселен, ол күн де келеді дегендегі бір буынды сөздер күн есімі мен де шылауы екеу ара бір екпінге ие, бұл жердегі екпін сөзге түсіп тұр. Жалпы дербес мағыналы сөз атаулы екпінсіз айтылмайды. Дыбыс құрамы бірдей буынды бір бірінен ажыратудың бірден бір өлшемі екпінділік пен екпінсізділік. Дыбыстық тұрғыдан бұларды бір- бірінен ерекшелейтін бұл жерде өзге белгі жоқ. Айталық, *шеше* сөзіндегі ше-ше деген ұқсас келетін буындардың арасындағы айырма тек алғашқысының екпінсіз, соңғысының екпінмен айтылуында ғана.

Ал, енді дыбыстық құрамы тепе-тең емес, бірақ буындары бір өңкей дауыстылармен келетін сөздердің айтылу ерекшелігіне назар аударар болсақ та, дәл жоғарыда әңгімелеп өткен жай байқалады. Мәселен, *ша-ма-лар* деген етістік сөздің үш буыны да а дауыстысының қатысымен жасалған, алайда екпін тұрғысынан бұл буындардың айтылуында біркелкілік жоқ, екпін соңғы –ла буынына түскен, сондықтан ол сөздің бірінғай а дауыстысымен келген өзге буындарынан созылыққы, әрі көтеріңкі дауыспен тегеуірінді айтылады. Буындардың ішіндегі дауыстылардың түрліше болуы да, бірөңкей болуы да әбден ықтимал, бірақ дербес мағыналы сөз атаулы ешқашан екпінсіз айтылмайды. Мысалы: Қолына қамшысын үнсіз ғана алды да, қасындағы қарашаларына суық қабақпен “әзірлен” деген емеурін білдірді (Әуезов). Фонетикалық тұрғыда сөз екпіні тегеуірінді екпін, әуезді екпін, мөлшерлі екпін деп аталатын үш түрге бөлуге болады. Фонациялық ауаның күштірек қарқынмен айтылуынан пайда болатын екпінді тегеуірінді екпін дейді. Екпіннің бұл түрін ғылымда динамикалық экспиратциялы немесе интенсив екпін деп түрліше атаушылық бар. Дауыстың әуенділігіне дауыс ырғағына (тон) байланысты екпінді әуезді екпін дейді. Зерттеулерде, оқулық кітаптарда екпінің бұл түрінің де бірде музыкалық екпін, бірде мелодиялы, енді бірде тондық (немесе тоникалық) екпін деп әр түрлі аталатын кездері бар.

Мөлшерлі екпін, мұны ғылыми әдебиетте көбіне квантитатив екпін деп атап жүр. Квантитатив деген сөз тура мағанасында “сан” деген ұғымды білдіреді. Екпіннің бұл түрінің “сан” ұғымына байланысты болатын себебі, екпінді буындағы дауыстыны айтқан кезде оның сол сөздің өзге буындарындағы дауыстылардан анағұрлым созылыңқы дыбысталуынан. Осы тұрғыдан алғанда екпіннің бұл түрі мөлшер екпіні деп атау арқылы танылатын түсініктің мазмұнына дәп келеді. Осындағы атап өткен екпіннің үш түрінің үшеуінің де жеке жеке алғанда тілдерде қылтықсыз таза күйінде ұшырауы некен- саяқ. Дәлірек айтқанда, екпіні бірінғай тегеурінді, не болмаса бірінғай әуезді, я бірінғай мөлшерлі боп келетін тілдер кемде- кем. Дұрысында, тілдерде екпіннің аталған түрлері бірімен бірі астас, сабақтас күйінде ұшырайды. Дегенмен таразының салмақты жағы қазақ тіліне тегеурінді екпіннің (динамикалық, экспиратор, интинсив) көбірек тән екендігін қолдаушылар жағында жатқандығын айтуымыз керек. Қазақ тіліндегі тегеурінде екпінді тек фонациялық ауаның қарқынымен сипаттап қана қою жеткіліксіз, өйткені тіліміздегі екпін түскен дауысты қарқындылығының үстіне созылыңқы айтылады. Теңгеурінді екпін сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттеріне физикалық күштің молырақ түсуіне байланысты іштен сыртқа тепкен фонациялық ауаның күштірек, әлдірек шығуынан пайда болады. Сондықтан сөз құрамындағы екпін түскен дауысты дыбыс сөздің өзге дауыстыларының анағұрлым қаттырақ дауыспен айтылып, құлаққа анағұрлым айқынырақ шалынады. Мәселен, буын саны бірдей барады, қарады, деген етістіктердің екінші буындары ұқсас ра, ра, дегендерді бір қалыпты дауыспен ауызша алма кезек айтып көретін болсақ, барады дегендегі екпінді ра буынының қарады дегендегі екпінсіз ра мен салыстырғанда әлдеқайда қарқынды айтылатынын әрі құлаққа қаттырақ естілетінін байқау қиынға соқпайды. Оның есесіне мұндағы барады дегендегі соңғы буындағы ы дауыстысының қарады дегендегі соңғы буындағы ы-дан дыбысталуы да, естілуі де анағұрлым солғын. Олай болатыны оған бұл жерде екпін түсіп тұрған жоқ. Бұл жай әсіресе сыртқы дыбыстық құрылысы бірдей мына секілді етістіктердің екпін ыңғайын салыстырудан жақсы байқалады: маған тесіле қарайды көзінің алды қарайды, ішсең, шөлін, қанады жарақаты қанады. Созылыңқылық болса мөлшерлі екпіннің негізгі белгісі. Бұл қазақ тіліндегі тегеурінді екпінді мөлшерлі екпіннен бөле жара қарауға болмайды деген сөз. Дұрысында, қазақ екпіні әрі тегеурінді, әрі мөлшерлі. Алайда тегеурінділік оның басты қасиеті де, мөлшерлік оны толықтырушы үстеме қасиет. Қазақ тілінде дауыстылардың созылыңқы, келте дауысты боп бөлінуі жоқ. Қазақ дауыстыларының созылыңқы айтылуы оларға сөз екпінінің түсуімен ғана шарттас.

Әдебиеттер:

1. Абуов Ж. Персептивная фонетика. —Алматы, 1999.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан-Алматы, 1991.

3. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. дисс. доктора филологических наук. - Алма-Ата, 1989.
4. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы, 1998.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. - Алматы, 1999.

Резюме

В статье рассматриваются специфика фонетических ударений в казахских и английских языках. Суть предметности данного исследования является в теоретическом анализе структуры фонетических закономерности в языкознании.

Resume

This article dedicates for linguistics primary stress in Kazakh and English languages.

Özet

Bu yazı için kazahckii dilbilim ve İngilizce dillerinde fonetik aksanı ayrılmıştır.

Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады

К. Паустовский.
